

**«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ
«Облыстық АИТВ-ның алдын алу орталығы» МКК**

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қ.
Төрағалық етуші:

Хатшы:
Қатысқандар:

13 мамыр 2025 ж.
Директордың емдеу жұмысы
жөніндегі орынбасары Калиева А.С.
Комплаенс-офицер Салимов Г.Д.
Кәсіпорынның дәрігерлері,
мамандары, орта медициналық
персоналы, кіші және өзге де
персоналы

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жетісу облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің Жетісу облысының Денсаулық сақтау басқармасына қарасты ауруханаларда қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсынуды қарау.

Жетісу облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментімен аяқталған және өндірістегі қылмыстық істер бойынша Жетісу облысындағы Денсаулық сақтау басқармасына қарасты ауруханалардың қаржылық қызметіне қатысты талдау жүргізілді.

Талдау нәтижесімен Жетісу облысының ауруханалары қызметкерлерімен мемлекет қаражатын аса ірі көлемде тұрақты және жүйелі түрде жымқыру, талан-таражға салуғы бағытталған бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталып отыр.

Атап айтқанда, 18.06.2024 жылы Кербулақ аудандық сотының үкімімен «Кербулақ аудандының орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-нің есеп-айырысу үстелінің есепшісі Л.Андакулова ҚР ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігі 2-тармағымен кінәлі деп табылып, оған қатысты 5 жыл шартты түрде бас бостандығын айыру жазасы қолдандылған.

Өз кезінде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдары бойынша аталған аурухананың есепшісі Л.Андакулова өзінің қызметін пайдалана отырып, 2020 жылдың қараша айынан 2023 жылдың қыркүйек айлары аралығында жеке басына мүліктік пайла алу мақсатында ауруханаға мүлдем қатысы жоқ 12 адамға жүйелі түрде бірнеше рет жалпы сомасы 27 939 200 теңге заңсыз қаражаттар аударып, ол соманы өзі иеленіп, жеке бас пайдасына жаратқан.

Бұдан бөлек, Департаменттің өндірісінде аталған аурухананың есеп-айырысу үстелінің есепшісі Л.Андакулова және А.Тасыбаеваға қатысты ҚР ҚК-нің 189-бабы 4-бөлігі 2-тармағымен мемлекеттік қаражатын аса ірі көлемде жымқыру дерегі бойынша қылмыстық іс тергелуде.

Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің аудиторлық есептері бойынша 01.01.2021-01.11.2024 жылдары аурухананың 48 қызметкерлеріне жалпы сомасы 63 978 200 теңге заңсыз аударылған.

Тергеп-тексеру барысында, есепшілер Л.Андакулова және А.Тасыбаева жеке бастарына мүліктік пайда алу мақсатында 3 жыл көлемінде аурухананың қызметкерлеріне жүйелі түрде заңсыз қаражаттар аударып, қызметкерлер арқылы өздерінің жеке банктік есеп шоттарына жіберіп және қолма-қол алып отырғандығы анықталған.

Сонымен қатар, Департаменттің өндірісінде ҚР ҚК-нің 189-бабы 4-бөлігі 2-тармағымен «Талдықорған көпсалалы ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның аса ірі көлемде жымқырылу дерегіне қатысты қылмыстық іс тергелуде.

Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 26.11.2024 жылғы №94 аудиторлық есебі бойынша 01.01.2023-31.03.2024 жыл аралығында 38 664 776 теңге 3 қызметкерге аурухананың кассасынан қолма-қол аванстық есепке (подотчет) заңсыз берілген.

Тергеп-тексеру барысында, қолма-қол аванстық есепке алу құжаты (подотчет) қызметкермен алынбағандығы, яғни, жалған құжаттар жасау арқылы 38 664 776 теңгенің жымқырылғандығы анықталып отыр.

Бұдан бөлек, 01.01.2017-31.12.2022 жыл аралығында 112 858 486 теңге аурухананың кассасынан 19 қызметкерге қолма-қол аванстық есепке беріліп, соңғыларымен бұл сома алынбағандығы анықталды.

Қолма-қол алынған аванстық сомалап аурухананың есепшісі У.Ю.Поповамен «1-С Бухгалтерия» бағдарламалық жүйесінде жалған мәліметтер енгізіліп, қаражаттар жымқырылған.

Аталған қылмыстық құқықбұзушылықтардың жылдар бойы жүйелі және тұрақты түрде жасалуы Денсаулық сақтау басқармасының ведомствалық бақылау жасап, тапсырылған есептіліктерді дұрыс тексермеуі салдарынан орын алған.

Тиісті бақылау жасамау осы тектес қылмыстық құқықбұзушылықтардың тұрақты қайталанып, мемлекет қаражатының жымқырылу, талан-таражға салуына жол берілген.

ШЕШІМ:

1. Ұсынуда көрсетілген ақпарат назарға алынсын.
2. Ұжымда ұсынуда көрсетілген құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды немесе басқа да заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар қолданылсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы



Калиева А.С.

Салимов Г.Д.